

М.Қожанов пен Қ.Түйешееваның мақалаларындағы Маңғыстау топонимдерінің лексика-семантикалық жақтан жіктелуіндегі айырмашылықтар тек мағыналық топтарға ғана қатысты байқалады.

Маңғыстау жер-су атауларының құрамындағы географиялық терминдер, топонимдерге қатысты аңыздар т.б. туралы жазған өлкетанушылар Е.Өмірбаев, Ә.Спан, С.Қондыбай, Ж.Дүйсенбаева еңбектерін атап өтуге болады. Ә.Спан мен филология ғылымдарының кандидаты Ж.Дүйсенбаевамен бірігіп жазған «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» атты кітабында [9] өлкенің су көздерінің зерттелуі, оған қатысты аңыз-әңгімелер қамтылып, суға қатысты терминдердің сөздігі құрастырылған.

Сонымен тіліміздегі ғылыми еңбектер қатарын тілдік, танымдық, этномәдени ақпараттармен толықтыратын Маңғыстау өңірі топонимиясын зерттеудің тіл тарихы және ел тарихы үшін маңызы зор деп ойлаймыз.

1. Аманниязов К.Н. Туркмены Мангышлака. – Алматы, 2004, 143 с.

2. Каспий қайраңы, танымдық - көпшілік. басылым. – Алматы, 1996, 278б.

3. Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары, - Астана, 2005, -144 б.

4. Өмірәлиев Қ. Сөздеріміздің тарихынан//Қазақстан мектебі, №3, 1963, 80-81бб.

5. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы.Атаулар сыры 3. – Алматы, 2007, 544б.

6. Қондыбай С.Есен-қазақ. – Алматы, 2002, 352б.

7. М.Қожанов. «Маңғыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері//Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986, 136б.

8. Түйешеева Қ. Маңғыстау облысы топонимдерінің мағыналық сипаты//Ономастикалық хабаршы, 2007, №1, 26-29 бб.

Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.

Б. Ә. Көшімова

МАҢҒЫСТАУ ӨңІРІ ТОНИМИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміздің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, жер көлемі 165,6 мың шаршы км өңірі, бүкіл жер шары көлемінде алып қарағанда, Еуразия құрылығының ортасында, Еуропа мен Азияның түйіскен өңірінде жатыр.

Ертеден халық аузында «киелі мекен» аталатын бұл құт-берекесі еселей асып, қыдыр дарыған қасиетті өлке солтүстік-батысы мен батысында қарт Каспийдің толқынды жағалауына тірелсе, оңтүстігі мен шығысында көрші мемлекеттер – Түрікменстан мен Өзбекстан, ал солтүстік-шығысында еліміздің Ақтөбе және Атырау облыстарымен шектеседі [1, 6 б.].

Маңғыстау облысы әкімшілік жағынан екі қалалық мәслихатқа (Ақтау, Жаңаөзен) және бес әкімшілік ауданға (Бейнеу, Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған, Мұнайлы) бөлінген. Форт-Шевченко өзінің мәртебесі жағынан облыстың үшінші қаласы болып саналады.

Түбек жер бедерінің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бұл ғажайып өлке сағымданған шыңдар мен тік жарлы құрғақ арналарға, кебірсіген тақырлар мен ежелгі әбден мүжілген тауларға,

ұшы-қиырсыз жазықтар мен жайпақ сорларға өте бай.

Расында да «Егер сіз жер беті шөлдерінің барлық типі туралы, қарауытқан сеңгір де жалаң тау-төбелері туралы, аппақ және қызғылт түске боянған алып мұнаралары, биік баған мен қабырғалары бар «шөлдің тас қамалдары» туралы санаңызда түсінік қалыптастырғыңыз келсе, куэстер мен шың-күздардың классикалық үлгілерін көргіңіз келсе, мұхит деңгейінен 130 м төмен жатқан құрылықта, тұйық ойыстарда болғыңыз келсе, айран тақырлардың қатқылдығын байқағыңыз келсе, түнерген тастақтарға қарағыңыз келсе, желдің ғаламат жұмысының ауқымын және шөлдің басқа да кереметтерін танып-білгіңіз келсе – Маңғыстаудан артық жерді таппайсыз. Бейне бір құпия сандықша ішінде толтырылғандай, бұл өлкеде, шағын кеңістікте шөл табиғатының сан алуан құбылыстары мен көріністері жинақталған», – деп, Маңғыстауды көрген, зерттеген ғалымдар баға береді [2, 117 б.]. Өлкедегі Қарақұм, Құмтөбе, Шағырлы, Уаққұм, Жылымшық, Қоңырорпа, Қызылқұм, Шөлша-

ғылқұм, Егізлақ, Сам, Матай құмды массивтері мен Өліқолтық, Шөмішкөл, Ащытайпақ, Қайдақ, Қаракешу, Қожақсор, Жарылған, Үлкенсор, Құмбелексор, Қызансор, Мәстек сорлары, Батыс және Шығыс Қаратау, Қаратаушық, Ақтау таулары, Төңірекшың, Өзен, Қарамандыбас, Қорғанбай, Асар, Қарақия, Қауынды, Басғұрлы, Жазғұрлы, Қарынжарық ойыстары, Көлбай, Жаңылған, Жаманайрақты, Жұбайұшқан, Күйкенұшқан төрткілдері, Жыңғылды, Ұрыкеуек, Босаға, Сұмса, Қорғансай, Булы Ойық, Өтебай үңгірлері Маңғыстау түбегінің жер бедерінің айқын көрінісі.

Облыс көлеміндегі осыншама бай да мол жер-су атаулары тарихи әрі мәдени мұрамыздың асыл қоры болып табылады. Кез келген аймақтың топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтық табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген географиялық атаулар жиынтығы болып келеді.

«Халық тарихы оның тілінде бейнеленеді». «Әрбір атау – тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Маңғыстау өңірі топонимиялық жүйесі де мыңдаған жылдар ағымында қалыптасты. Біздің жыл санауымызға дейінгі замандарда, дәстүрлі тарих, тілтану ғылымдарында «иран тілді» делініп жүрген массагеттер мен дайлар» олардан кейін аландар мен каспилер, пешенек-қаңлылар, IX-X ғасырларда оғыздардың Маңғыстауды қоныстануы, XIII ғ. моңғол үстемдігі, XI-XIII ғасырлардағы «орта түрікмен», XV-XVI ғасырларда қалыптасқан «жаңа түрікмен» этносы, ноғайлардың XVI-XVII ғасырдың басында Маңғыстауда болуы, XVII ғ. Жоңғар қалмақтарының әсері, патшалы Ресейдің отаршылық саясаты т.б. өлке топонимдерінде өз іздерін қалдырды.

Маңғыстау облысы топонимиясының, осындай өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей үш лексикалық қабатын көрсетуге болады:

1) жалпытүркілік қабат; 2) кірме қабат; 3) негізгі тілдік қабат.

Ал әр қабаттың үлес салмағына келетін болсақ, жалпытүркілік қабат –

35%, кірме қабат – 17,22%, негізгі тілдік қабат – 69,3% құрайды.

Жалпытүркілік қабат – Маңғыстау өңірі топонимиясының негізгі қабатының бірі. Ол көнетүркілік, қазақ, қыпшақ-ноғай, түрікмен тілдік қабаттарын қамтиды. Жалпытүркілік қабаттағы атаулар өлкені мекен еткен түрлі тайпа, ру атау-

ларынан, мағыналары көмескіленген терминдік мәндегі сөздерден пайда болған. Ру-тайпа атауларынан жасалған топонимдерге: Алаторпа, Бозашы, Егдір, Емір, Көгалы, Қарқын, Қызан, Қызық, Уа, Шәудір т.б. жатады. Сонымен қатар осы қабатқа мағынасы қазіргі қалпында белгісіз, тек көнетүркі тілінде кездесетін атауларды жатқызамыз. Мысалы: Аран, Бекі, Бесөгіз, Донға, Жазыгүрлі, Базыгүрлі, Иірдің ойы, Көгез, Құрық, Тұщықұй, Шебір т.б. Бейнеу ауданындағы «Мамай шыңырауы», «Мамай тауы», «Мамай жайлауы» деген топонимдер ноғайдың «Алты ауыл ұлысын» басқарған Мамайдың есіміне, «Қарасай құдығы», «Қарасай қорығы» Қарасай ханның есіміне байланысты қойылса, Түпқараған ауданындағы Асан қамалы, Асан құдығы деген атаулар да сол ноғайлардан қалған. Ал түрікмен тілінен енген: Бұрыншық, Ерсарықайрақ, Сақар, Айрақты, Боржақты, Шершелі, Кертті, Бесоқты, Тиген т.б. атаулар кездеседі.

Кірме қабат иран, араб, моңғол, славян тілдерінен енген атаулардан тұрады. Иран тілінен енген атаулар ең көне атауларға жатады. Бұл қабатқа тән: Аусар, Апажар, Бостан, Долыапа, Керіз, Қарлыбас, Қандықыстау, Сенгір, Шерқала, Шетпе т.б. атаулар анықталды. Араб тілінен енген топонимдер негізінен, діни ұғымды білдіретін атаулар болып келеді, олардың тілімізге енуіне ислам дінінің әсері мол болған. Араб тілінен енген атауларға: әулие, молда, мола, мешіт, мазар, арбат, кәпір, тәуіп сөздерінің тіркесімен келген атаулар жатқызылды: Ақәулие, Иманбай мазар-там, Дәулетбайсұпы, Баламешіт, Қалынарбат, Кәпіртам т.б.

Моңғол тілінен енген топонимдер қазақ-моңғол бірлестігі дәуірінде қалыптасқан және моңғол тайпаларының Орта Азияға (XIII-XVIII ғғ.) түрлі жорықтарынан кейін пайда болған (Қайдақ, Қарғалытам, Арасанбұға, Түмен, Шағатай т.б.) болса, славян тілінің әсері өлкемізде XIX ғасырдың орта тұсынан байқала бастады. Орыс тілінен енген атауларды төмендегіше, топтастырылды: а) партия, қоғам қайраткерлерінің атымен аталған топонимдер (колхоз, совхоз атаулары): Сталин, Киров, Ленин, Мирзоян, Кагонович, Баутин, Фетисов т.б. ә) Кеңестік өмір салты мен коммунистік идеология әсері нәтижесінде қалыптасқан атаулар: Комсомол, Октябрь, Октябрск, Интернационал, 1 Май т.б. Бірақ бұл топонимдердің түгелге дерлігі қазір өзінің тарихи атауымен қауышса, екіншілері елдегі болып жатқан түрлі саяси жағдайларға байланысты қолданыстан шығып қалған. Жер бедеріне байланысты қалыптасқан атаулар: Каменистый, Каменный, Придорожный, Песчаный,

Ракушечный, Меловой, Прохлада, Скалистый т.б. кездеседі.

Негізгі тілдік қабат қазақ тіліне тән топонимдерді қамтиды. Бұл қабат та түрлі тарихи жағдайларда қалыптасқан, тіліміздің төл топонимдері болып табылады. Қазақ тіліне тән атаулар қоршаған ортаның сипаты мен қазақ этносының тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік өмірінен мол мәлімет береді (Аққұдық, Қолтық, Сарыжал, Қауынды, Жаужол, Қамысбай қорымы, Қарақия, Қарашқазған, Беласқан, Бердалы, Күйекжал, Теріскенді т.б.). Олар негізінен ру-тайпа атауларынан, өлкеге танымал батыр, би, ру басы, қарапайым еңбек адамдарының есімдерінен, тарихи оқиғаға, түрлі шаруашылық қызметіне байланысты, жер-бедері атауларынан қойылған.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері ономастика саласына тиісті көңіл бөлініп келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы №45 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының» жарық көруі, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңына 2005 жылдың қаңтарынан бастап өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі – соның дәлелі. Осы заңның 11-бабында: «...облыстық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен: тиісті аумақтағы халықтың пікірін есепке ала отырып және аудандардың жергілікті өкілді органдардың ұсыныстары бойынша кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің атаулары және оларды қайта қарау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту мәселелерін шешеді... делінген.

Маңғыстау облысында да бұл бағыттарда нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр, кейбір тоталитарлық дәуірдің атаулары өздерінің тарихи атауларымен қауышты. Мәселен, Шевченко – Ақтау, Октябрск – Бостан, Куйбышев селолық Кеңесі – Жыңғылды, Калинин селолық Кеңесі – Жармыш, Новый-Узень – Жаңаөзен, Ералиев ауданы – Қарақия ауданы т.б.

Сонымен облысымызда ономастикалық жұмыстар, негізінен, үш бағытта жүргізіліп жатқандығын байқауға болады: біріншіден, үстемдікпен өзгертілген топонимдер байырғы тарихи атауларымен алмастырылса, екіншіден, транскрипциясы бұрмаланған немесе қате жазылған жер-су атауларын қайта қалпына келтірілуде; үшіншіден, отаршылдық-тоталитарлық сипаттағы елді мекендер, білім, мәдениет ұйымдарының атауларын қайта атау жолымен жүр-

гізіліп отырған бастама алдағы уақыттарда да жалғасын табуы тиіс.

Топонимдердің лексико-семантикалық топтарын зерделегенде географиялық атаулардан халықтың басынан кешкен ерекше оқиғалары, олардың мәдени, рухани өмірінен ақпарат беретін фактілерді көптеп кездестіруге болады. Маңғыстау өңірі топонимдері: 1) қоршаған ортаның физика-географиялық сипатын көрсететін топонимдер; 2) адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін топонимдер болып жіктеледі.

1. Қоршаған ортаның физика-географиялық сипатын көрсететін топонимдер – қоршаған ортаның физика-географиялық ерекшеліктерін, өсімдіктер, жануарлар дүниесін, географиялық нысанның көлем, түр, түс, орналасуына байланысты қойылған атауларды (Аққұдық, Сұлтұртөгіл, Тесіктас, Донға, Балқұдық, Жезді, Борлысуат, Жыңғылды, Шилісай, Арқартөбе, Үкікүп, Сарытаған, Қоңырорпа, Жұзадым, Алты-апан, Қосбайыр т.б.) құрайды.

2. Адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін топонимдерге осы өңірді мекендеген халықтың тұрмыс-тіршілігін, тайпа, ру, адам аттарын, халықтың рухани, мәдени өмірінен хабар беретін топонимдер (Түйесу, Наркеткен, Кезқора, Қызылқала, Бескөң, Такыр, Ақтебіздің соры, Ақшымырау, Қасқатұран, Ұзынбас, Жаманорпа, Арпалы, Қауындыой, Сәлменбөгет, Күйекжал, ОмарТүр күмбезі, Қосарқан, Шопан-ата, Қараманата, Мәмекқазған, Мырзабайшапқан, Қоскеліншек, Қыздар шыққан, Ауыздыбас, Сарықолқа, Аманбұлақ, Имағанбет, Әліке-Қанай, Қаламқас, Шалбарқазған, Тұяқарым) қамтиды.

Маңғыстау географиялық атауларын құрылымдық-грамматикалық талдау негізінде қазақ тілі көп ғасырлар бойы топонимдер жасау құралдары мен тәсілдерінің бай және алуан түрлі қорын жасағанын байқауға болады.

Маңғыстау топонимдері, морфологиялық құрамы жағынан, екі үлкен топқа бөлінеді: 1) дара топонимдер; 2) күрделі топонимдер.

Бір түбірден құралған дара топонимдерді, іштей, негізгі және туынды түбір топонимдер деп қарастырамыз. Негізгі түбір топонимдерге морфемалық бөлшектерге бөлінбейтін атаулар жатады. Мысалы: Ада, Ажар, Айт, Арман, Аша, Әуез, Балта, Иже, Кәрі, Керг, Нар, Саз, Шат т.б.

Дара туынды топонимдерді жасауға топонимикалық аффикстер қатынасады: -лы/-лі; -шық/-шік (-жық/-жік); -ша/-ше (-жа/-же); -ма/-ме,

-мыш т.б. Мысалы: Құдықты, Борлы, Таушық, Түбіжік, Жарма, Еспе, Көкше, Ақмыш, Қолмыш т.б.

Атау құрамындағы түбір морфемалардың санына қарай Маңғыстау топонимикасының құрылымын төмендегідей топтастырамыз:

1) Бір компонентті топонимдер: Айрақты, Әжі, Еңселі, Жиделі, Жүз, Өзен, Онды, Орпа, Балықшы, Изен, Киікті, Төбе, Ұйқылы, Үдек, Шетпе т.б.

2) Екі компонентті топонимдер: Ақтау, Жетібай, Қаламқас, Тұщықұдық, Сайөтес, Ақшымырау, Үштаған, Улы Серкебай, Ірімшікті ой т.б.

3) Үш компонентті топонимдер: Адамөтпешалбар, Айғырушқан терең, Айдарқарабас, Ақдомалақтөбе, Алтықұлашәулие, Атпабұлақ араны, Ащыкөлтабан т.б.

4) Төрт компонентті топонимдер (олар өте аз): Бекетата жерасты мешіті, Төлегенәулие жерасты мешіті, Омар Түр күмбезді мазары т.б.

Маңғыстау облысы топонимдері сөзжасамдық тұрғыдан: 1) лексика-семантикалық, 2) синтетикалық, 3) аналитикалық тәсілдер арқылы жасалатындығы анықталды.

Маңғыстау топонимдерін жасаудағы халықтық немесе жергілікті географиялық терминдердің рөлі зор. Олар жеке тұрып та, күрделі атаудың құрамында да қолданылып, топонимдер жасайды. Географиялық терминдерде ата кәсібінде мал шаруашылығы болған қазақ халқының жер бедерінің ұсақ пішіндері, шаруашылық әрекетіне қажетті су көздері мен мал азықтық өсімдіктері, жайылым түрлері мен олардың маусымдық ерекшеліктері жөніндегі географиялық ақпары жинақталып және оларды топонимиялық жүйеде барынша көрсете білген.

Күп, тұран, күй, шоңқал, шүңгіл, салма, үдек, арым, қоңырдан, түлей, керт, шаппа, еспе, орпа, шыңырау тәрізді географиялық терминдер өлкенің негізгі тілдік ерекшеліктері болып табылады.

Көптеген ескі, көне, мән-мағынасы бұл күнде ұмыт болған атаулардың шығу тегін анықтауға фоносемантикалық талдаудың да маңызы зор. Фоносемантика – сөздегі дыбыс пен мағына байланысы жайлы ғылым. Тілдің (тілдердің) ең бастапқы ілкі даму немесе пайда болу кезеңінде – имитативтік дәуірде жеке дауыстылар үлкен дыбыс бейнелеуіш (дыбыс символикалық) рөл атқарғандығы туралы көптеген ғалымдардың (С.В.Воронин, Ә.Қайдар, Ш.Хұсайын, Е.Керімбаев, Ғ.Ермекбаев, А.Мақұлбек т.б.) еңбектерінде айтылды. Қазақ және басқа да гидрографиялық апеллативтер құрамындағы фоно-

семантикалық сипаты бар сөздерде негізгі, түбір жасаушы немесе имитативті құраушы идеофон дауысты дыбыс, яғни у және и дыбыстары болған. Олар «ылғал, су» ұғымын берген. Тілдің пайда болу дәуіріндегі у идеофоны суды (ағынды, өзенді т.б.) символдық түрде бейнелеп, өзінің нұсқалары мен туынды тұлғалары ретінде ус, су, уда, йу (ю), и, а, йыл (иль, ыл, ел, жыл, іл, йол, уол, ул т.б.), юг, (юган, ек, ег, йога, ұйы, оек, екка), ул (ол, хол/хул, джуль/жуль, чуль, шул, ула т.б.) формаларымен белгілі болған [4, 119 б.].

Маңғыстау өңірі топонимиясында осындай и және у имитивінің туынды нұсқаларында келген төмендегідей жер-су атауларын келтіруге болады: Ақсу, Елік, Еліктау, Ақшелек, Қызылжол, Қаражолшы(а), Елекажы, Елейдің тақыры, Иже, Ижесор, Шелек, Үлек, Үдек, Ұланақ. Мысалы: Елік – Маңғыстау ауданындағы құдық аты. Атау құрамында е/ел – и идеофонының бір тұлғасы, «ылғал», «су» мағынасын береді. Ал –лік/лек бір нәрсенің молдылығын, барлығын білдіретін көне жұрнақ. Сонда атаудың мағынасы: «сулы құдық». Иже – Қарақия ауданындағы шатқал. Иже атауында И сөзі «ылғал», «су» мағынасында қолданылады. Ал -же кішірейту мәнін беретін көне жұрнақ. Сонда атаудың мағынасы: «суы аз шатқал немесе кішкене сулы шатқал».

Ка/қа имитативі дауысты және дауыссыз екі-ақ дыбыспен дыбыстық символика арқылы «тау», «биік» (үлкен), «жартас» ұғымын, бейнесін, сипатын берген. Бұл имитативтен түрлі тілдерде қар, гар, қад, када, хада, хад(ан), қара, қая, қия, кер тұлғалары қалыптасқан. Маңғыстау өңірі топонимикасында ка/қа имитивінің туынды нұсқаларында келген төмендегідей жер-су атаулары кездеседі: Кәді-Құлат, Кертті, Қарағашжал, Сарға, Сарғат, Дөңқара, Қарақия, Қарлыбас, Қырқыстау т.б.

Сондай-ақ фоносемантика ғылымында еріндік дыбыстар фонемотипі «домалақ», «томпақ» белгілеріне ие болған. Бұл аталған қимыл лабиальды (еріндік) дауыстыларды (о, ө, ү, ұ, у) дыбыстағанда жасалады. Еріндік дауыстылардың символизіміне негізделген фоносемантикалық орографиялық апеллативтерге төбе, шоқы, қуыс т.б. апеллативтерді жатқызылады. Осы орографиялық апеллативтердің негізі болған имитатив формасына туб/тоб/төб/доб/теп; шо, жо, цо нұсқалы архетип – имитативтер пайда болған [4, 50 б.]. Өңір топонимиясында то, шо имитивті тұлғаларында келетін мына атаулар бар: Ақтөбе, Арқартөбе, Алдатөмпек, Донға, Домалақтөбе, Дөңқара, Қарадуан, Теппе, Төбел, Түмғашы, Түмсық, Ақшоймақ, Ақшоқы, Бес-

шоқы, Жаршоқы, Қарашық, Құмшоңқал, Үшшоңқал, Шоқай, Шоқан, Шоқырақтау т.б. жағтады.

Маңғыстау топонимиясында жер-су атауларының пайда болуына байланысты сақталған аңыздар да ерекше орын алады. Мәселен, Ақоттынар, Жабайұшқан, Қарагөз, Қаңғырғазәулие, Қошақ, Құлаат, Үлек т.б. Бірақ жер-су атауларындағы кейбір халықтық этимология ғылыми этимологиядан алшақ кетіп, атау мағынасымен қиыспай жатады. Ғалым Е.Жұбанов: «Ондай деректердің бәрі тарихи шындық тұрғысынан аса дәлелді болмағанымен, белгілі бір өлкені мекен еткен жұрттың, бұқара көпшіліктің ой-арманын, кәсібі мен характерін танытатын елеулі тілдік-әдебиеттік кепілдеме ретінде сөздік қорымыздың құрамынан тиісінше үлес алады» [3, 49 б.], – деп көрсетеді.

Маңғыстау – тарихи жер-су атауларын барынша сақтап, бізге жеткізген, қазақ топонимиясында қайталанбас өзіндік ерекшелігі бар – өңірдің бірі.

Адамзат мәдениетінің тарих беттерінің құрамдас бөлігі болып табылатын еліміздің жер-су атауларын жинау, зерттеу, сақтау және ұқыпсыз пайдаланудан қорғау азаматтық парызымыз болып табылады. Бүгінгі ұрпақ, өркениетке ұмтылған жас өркендеріміз ата-бабаларымыз қал-

дырған асыл мұра – жер-су атауларын барынша қастерлеп, ат қою шеберліктеріне қайран қалары сөзсіз. Жер-су атаулары – патриоттық тәрбиенің, шабыт пен қуаныштың, жарқын сезім мен талаптың мәңгі және сарқылмайтын көзі.

«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» киелі Маңғыстау топонимдерінің құрамында сол өңірді мекендеген халықтардың шаруашылығымен, тұрмыс-тіршілігімен, наным-түсінігімен тығыз байланысты, облыс территориясының фаунасы мен флорасына, тарихи-әлеуметтік жағдайына байланысты көне сөздер мен сөз тіркестерінің, бүгінгі тілдегі категорияларға ұқсамайтын тұлғалардың, дыбыстық ерекшеліктері мен грамматикалық көрсеткіштердің тарихи сілемдері кездеседі. Сондықтан да өлке топонимиясын этностың тарихымен, шаруашылығымен, мәдениетімен тығыз байланысты қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

1. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997, - 135 б.

2. Федорович Б.А. Лик пустыни. – Москва, 1950, - 247 с.

3. Жұбанова А. Жұбанов Е. Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат//Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1989, 49-59 бб.

4. Мақұлбек А.Е. Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 2008, - 128 б.

5. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997, – 384 б.

Г. А. Кривенко

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КАРТИНА МИРА КАК ПРОЦЕСС АВТОРСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ОБЪЕКТИВНОЙ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ

Современные лингвистические теории отличает стремление выявить «посредническую» функцию языка между человеком и внеязыковой реальностью и показать, что язык несет отпечаток способов освоения человеком реальности и в то же время, будучи средством концептуализации этой реальности, воплощает языковую картину мира и накладывает отпечаток на восприятие реальности человеком, которое осуществляется сквозь призму языка.

Язык служит универсальной формой накопления, хранения, обработки знаний и передачи информации. Он сложнейшим образом переплетается со знаниями о мире, проверенными общественной практикой результатами познания

действительности и адекватного ее отражения в сознании человека, поэтому проблемы представления знаний в языке на современном этапе развития лингвистики являются чрезвычайно актуальными. «Язык до сих пор лучшее окно в знание, ведь мы все время используем язык, чтобы выразить его» [1, с. 27].

Современная лингвистика в целом складывается как антропологическая, то есть исследование языковых процессов происходит в неразрывной связи с потребностями коммуникативной деятельности и предполагает учет человеческого фактора, когда субъект речи включается в описание языковых механизмов. Базой для такого изучения результатов познавательной